

"Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 қарашадағы №25-4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 46-5 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 маусымда № 4255 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 66-8 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 23.12.2020 № 66-8 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 қарашадағы № 25-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3626 болып тіркелген электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 28 желтоқсанында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларының;

7-тармағының 1) және 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"Атаулы және мереке күндеріне бір рет әлеуметтік көмек:

1) 9 мамыр – Женіс күніне:

1.1. Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне 300 000 (үш жұз мың) теңге көлемінде;

1.2. қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 100 000 (жұз мың) теңге көлемінде;

1.3. екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 100 000 (жұз мың) теңге көлемінде;

1.4. қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдырудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне) 100 000 (жұз мың) теңге көлемінде;

1.5. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға 100 000 (жұз мың) теңге көлемінде;

1.6. 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) адамдарға 50 000 (елу мың) теңге көлемінде көрсетіледі.

3) 26 сәуір – Чернобыль атом электростанциясындағы апат болған күніне:

3.1. 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апарттың зардаптарын жоюға қатысқан және Чернобыль атом электростанциясындағы апарттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 30 000 (отыз мың) теңге көлемінде;

3.2. 1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электростанциясындағы апарттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 30 000 (отыз мың) теңге көлемінде көрсетіледі;

3.3. Чернобыль атом электростанциясындағы апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар менавариялардың зардаптарын жою кезіндегі қаза тапқан адамдардың отбасы 15 000 (он бес мың) теңге көлемінде;

3.4. Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруна шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы 15 000 (он бес мың) теңге көлемінде көрсетіледі.".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, жастар саясаты және әлеуметтік орта жөніндегі тұрақты комиссиясына жуктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған кейінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тараз қалалық мәслихаты

сессиясының төрагасы

Тараз қалалық

мәслихатының хатшысы

К. Жетібаев

Б. Кулекеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК